

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

29-сабақ

Тақырып: Ақиқатты анықтау

Сынып жұмысы

1-есеп. Төмендегі сөйлемдердің қайсысы ақиқат

- 1) Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады
- 2) Иттің төрт аяғы бар
- 3) 2001 жылдың 1 қаңтары сейсенбі болған
- 4) Мен шындықты ғана айтамын

2-есеп. Мына сөйлемдер қарама-қарсы ма?

1. Кеше жаңбыр жауды
2. Кеше күн шығып тұрды

3-есеп. Мына сөйлемдер қарама-қарсы ма?

1. Мен мына тасты көтере аламын
2. Мен мына тасты көтере алмаймын

4-есеп. Ғалымдар ескі обадан төмендегідей екі сөйлем жазылған көне жазбаны анықтады

- 1) Бұл жазбадағы екі сөйлем де жалған
- 2) Жердің формасы дорба тәріздес

Қандай тұжырым жасауға болады?

5-есеп. Төмендегі сөйлемдердің ақиқат немесе жалған екенін тексеріңіз

- 1) Екі таңбалы санға екі таңбалы санды қосқанда екі таңбалы сан шығады
- 2) Екі жұп санның қосындысынан жұп сан шығады
- 3) 20×15 тіктөртбұрышты 3×5 тіктөртбұрыштарға бөлуге болады?
- 4) Сыныптағы 20 баланың ішінде осы сыныптағы достарының саны бірдей екі бала табылады

6-есеп. «Мына себетте улы жемістер де бар»-деді өтірікші.

Қалай ойлайсың осы себеттен кез-келген жемісті жеуге бола ма?

7-есеп. Бауырсақ ертегісіндегі қоянды, түлкіні және қасқырды ата мен әже тауып алып сұрақ астына алды.

- Кім бауырсақты жеді?-деп сұрады ата.
- Арамыздағы кемінде біреу бауырсақты жеді-деді қоян
- Арамыздағы кемінде біреу бауырсақты жеген жоқ-деді қасқыр
- Арамыздағы кемінде біреу шындықты айтты-деді түлкі.

Бауырсақты түлкі жегенін білеміз. Кім өтірік айтты?

8-есеп. Марат, Қанат, Батыр және Талғат футбол ойнады, олардың біреуі терезені сындырды. Мұны кім жасағанын сұрағанда, келесі жауаптар алынды:

Марат: «Қанат сындырды»;

Қанат: «Батыр сындырды»;

Батыр: «мен емес»;

Таня: «мен де емес».

Балалардың біреуі ғана шындықты айтқаны белгілі. Терезені кім сындырды?

9-есеп. Бақыт, Сая, Гүлнар және Жамал деген төрт қыздың әрқайсысы не шындық айтады, не өтірік айтады. Осы қыздардың әңгімесі арқылы кім шындық айтатынын анықта.

Бақыт: Гүлнар өтірікші

Жамал: Бақыт сен өзің өтірікшісің

Сая: Үшеуің де өтірікшісініңдер

10-есеп. Бақыт және Ардақ ұлдарға да қыздарға да қойылатын есім екенін білесіңдер. Олар келесідей ақпараттар берді.

Бақыт: Егер мен ұл болсам, Ардақ қыз.

Ардақ: Мен ұлмын

Балалардың біреуі ұл, біреуі қыз екені белгілі. Кім өтірік айтты?

11-есеп. Ғажайып аралда тек қана шындықты айтатындар және тек қана өтірік айтатындар ғана тұрады. Осы аралдағы бір адам «Мен өтірікшімін» деді. Осы адам аралдың тұрғыны ма, әлде қонақ па?

12-есеп. Ғажайып аралда тек қана шындықты айтатындар және тек қана өтірік айтатындар ғана тұрады. Тұрғындардың барлығы орталық алаңға жиналып, аралда кімдер өтірікші деген сұраққа барлығы «Менен басқаның барлығы өтірікші» деген жауап айтты. Аралда неше шыншыл өмір сүреді.

13-есеп. Осы аралдың 7 тұрғынын дөңгелек үстел басына отырғызды. Және олардың барлығы да «менің бір көршім өтірікші, бір көршім шыншыл» деп айтты. Үстел басында неше шыншыл отыр?